

Түркістан облысындағы төтенше жағдайды және оның салдарын жою жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 63-ө өкімі 2020 жылғы 1 мамырда Өзбекстан Республикасындағы Сардоба су қоймасы бөгетінің бұзылуына байланысты Түркістан облысындағы төтенше жағдайды және оның салдарын жою мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Түркістан облысындағы төтенше жағдайды және оның салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия:

1) келтірілген зиянның көлемін белгілесін;

2) инженерлік, көліктік, әлеуметтік инфрақұрылым мен тұрғын үйлерді қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдасын;

3) зардап шеккен тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсетсін;

4) қажет болған жағдайда Комиссия жұмысына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тартсын.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 4 мамырдағы
№ 63-ө өкіміне
қосымша

Түркістан облысындағы төтенше жағдайды және оның салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия

Скляр Роман Васильевич	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші
Шөкеев Өмірзақ Естайұлы	- Түркістан облысының әкімі, жетекшінің орынбасары
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	- Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі
Ильин Юрий Викторович	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі

Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі
Алпысов Ермек Амантайұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі
Дайырбеков Нұрбек Слямханұлы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Әукенов Ерлан Мұратұлы	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Әбішев Олжас Амангелдіұлы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Аяшев Мақсат Темірбекұлы	- Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті төрағасының міндетін атқарушы
Нұрмағамбетов Талғат Қайырбекұлы	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті төрағасының орынбасары
Ыдырысов Алмаз Серікболұлы	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті төрағасының орынбасары